

ONTÜSTIK QAZAQSTAN  
MEDISINA  
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN  
MEDICAL  
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы тобы: ВМ 086 Медицина (қысқартылған білім беру бағдарламасы)

БББ коды: 6В10115

Білім беру бағдарламасының атауы : Медицина

Білім беру бағдарламасының деңгейі: бакалавриат- бейіндік магистратура

Шымкент, 2025



«Медицина» ББ АҚ  
Білім беру бағдарламасы

Сәйкес номері  
32 беттің 2 беті

6B10115 «Медицина» білім беру бағдарламасын «Медицина» ББ АҚ мүшелері әзірледі

**Жұмыс берушілермен келісілген:**

№7 ҚЕ бас дәрігері  Жанабаев Н.С.

№2 КА бас дәрігері  Позилев Б.Ж.

«Медицина» ББ АҚ төрағасы  Әуезханова Д.

Хаттама № 4 «14» 03 2025 ж.

**Әдістемелік Кеңеспен мақұлданған**

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор  Анартаева М.У.

Хаттама № 9 «02» 05 2025 ж.

**Ғылыми Кеңеспен бекітілген**

Хаттама № 13 «02» 05 2025 ж.



ҰНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АҚ	Сәйкес нөмері	
Білім беру бағдарламасы	31 беттің 3 беті	

### Білім беру бағдарламасының паспорты

**1. Білім беру бағдарламасының миссиясы:** Өзін-өзі жетілдіруге және ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

**2. Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Жалпы мәдени, кәсіби және зерттеу құзыреттіліктер жүйесіне ие, практикалық қызметті атқаруға қабілетті болатын магистр-дәрігерді дайындау.

**3. Білім беру бағдарламасын негіздеу:**

**-білім алушылар үшін:** бакалавриат, интернатура және магистратура деңгейлерінің базалық дайындығын қамтитын үзіліссіз интеграцияланған медициналық білім беруді игерту. 5 жылдан кейін кейін түлекке 6B10115 "Медицина" білім беру бағдарламасы бойынша медицина магистрі, дәрігер біліктілігі беріледі.

**-еңбек нарығындағы тұтынушылық:** жоғары біліктілік және кәсіби табандылық, қажетті тәжірибелік және теориялық білімдердің болуы, құзыреттілік, бақылау қабілеттігі және көрегенділігі, дамыған клиникалық ойлау қабілеті және бейімділік сияқты қасиеттерге ие болатын кадрлармен қамтамасыз ету.

**4. Білім беру бағдарламасы негізделген кәсіби стандарты:**

*Білім беру бағдарламасын өңдеуге арналған нормативтік құжаттар*

-- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 04.07.2022 ж. №63 бұйрығы» (26.06.2025 ж. №61 өзгерістер мен толықтырулармен);  
 - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы (04.03.2025. № 90 өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» 25.01.2024 ж. № 46 бұйрығы» (Кәсіптік стандарт: "Жалпы дәрігерлік практика /Отбасы медицина");

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы (2023 жылғы 20 ақпандағы № 66 өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 04.07.2022 ж. №63 бұйрығы;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АҚ	Сәйкес нөмері	
Білім беру бағдарламасы	31 беттің 4 беті	

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 09.01.2023 ж. № 4 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің «Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беруді кезеңдік енгізуді бекіту туралы» 08.08.2022 ж. №661 бұйрығы;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 07.07.2020 жылғы № 360-VI Кодексі (04.07.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілдедегі № 319-III Заңы (04.07.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.10.2013 ж. № 420 бұйрығы (29.12.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы (05.06.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» 30.01.2008 ж. № 27 бұйрығы (14.05.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті үлгідегі және типтегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы (29.12.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, АМ МЖӘБ директорының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық» 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 бұйрығы;

- «ОҚМА» АҚ «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен өңдеу әрекеттері туралы ереже» 22.04.2024 ж.

- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттары.

**5. Кәсіби қызмет саласы:** 6B10115 «Медицина» білім беру бағдарламасын игерген түлектердің кәсіби қызмет саласы ересектер мен балаларға арналған медициналық жәрдем көрсету арқылы тұрғындар денсаулығын сақтауды қамтиды.

**6. Кәсіби қызмет салалары:**

- денсаулық сақтауды басқару ұйымдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- білім беру ұйымдары;
- ғылым ұйымдары;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АҚ		Сәйкес нөмері
Білім беру бағдарламасы		31 беттің 5 беті

- ересектер мен балалар;
- тұрғындар денсаулығын сақтау үшін жағдайларды құруға бағытталған құралдар мен технологиялардың жиынтығы.

***Кәсіби қызмет түрлері:***

- емдік-профилактикалық және диагностикалық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

## Жалпы мағлұмат

№	БББ сипаттамасы	Мәлімет
1	Тіркеу нөмірі	6B10100121
2	Білім беру саласының коды және жіктелінуі	6B10 Денсаулық сақтау
3	Дайындау бағыттарының коды және жіктелінуі	6B101Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	BM 086Медицина
5	Білім беру бағдарламаның коды, атауы	6B10115Медицина
6	ББ түрі	Жаңартылған ББ
7	ББЖХС бойынша деңгей	
8	ҰБШ бойынша деңгей	7
9	БСН бойынша деңгей	7
10	ББ айқындайтын ерекшеліктері	Үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламасы
	Серіктес-ЖОО(ББББ)	-
	Серіктес-ЖОО (ЕДБББ)	-
11	Құзыреттіліктер тізімі	<p><b>1 НҚ. Медициналық білім:</b>Білікті медициналық көмек көрсету үшін кәсіби және ғылыми медициналық білімнің синтезі.</p> <p><b>2 НҚ.Коммуникациялар:</b>Науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін науқаспен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасау.</p> <p><b>3 НҚ. Клиникалық дағдылар:</b>Күрделіліктің базалық санатындағы білікті медициналық көмекті жүзеге асыру. Халыққа күрделілігі екінші санаттағы білікті медициналық көмек көрсету стратегиясын айқындау.</p> <p><b>4 НҚ. Кәсібилік:</b> Денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметті үйлестіру. Шешім қабылдау және білікті медициналық жәрдем көрсету үшін жауапкершілікті алу қабілеті.</p>

		<p><b>5 НҚ. Жеке және кәсіби даму:</b>үздіксіз жеке және кәсіби өсуді қолдау үшін қажетті қасиеттерді көрсету, үздіксіз өзін-өзі бағалау және өмір бойы білім алу негізінде медициналық көмек сапасын үздіксіз жақсарту.</p> <p><b>6 НҚ. Нормативтік-құқықтық білім:</b> Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет жасау қабілеті.</p> <p><b>7 НҚ. Зерттеулер:</b>Өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми деректерге негізделген ауруларды диагностикалау принциптерін қолдану қабілеті. Биоэтиканы ескере отырып, денсаулық сақтауда зерттеудің заманауи әдістерін қолдану және клиникалық тәжірибеге енгізу</p>
12	Оқыту нәтижелері	<p><b>1 ОН.</b>Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы негізгі білімдерді тәжірибеде қолдана алады.</p> <p><b>2 ОН.</b>Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы кең таралған аурулардың диагностикасына, емдеуіне және алдын алуына бағытталғаннауқас-орталықтанған күтімді қамтамасыз етеді.</p> <p><b>3 ОН.</b>Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады.</p> <p><b>4 ОН.</b>Тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика ережелерін, деонтологияны және инклюзия принциптерін сақтау негізінде науқастармен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасайды.</p> <p><b>5 ОН.</b>Клиникалық диагнозды тұжырымдау, дәлелді тәжірибеге негізделген емдеу жоспарын тағайындау дағдыларын көрсетеді.</p> <p><b>6 ОН.</b> Дәлелді медицина қағидаттары негізінде амбулаториялық қабылдауды, диагностиканы, емдеуді, балалар мен ересек жастағы пациенттерді, оның ішінде жүкті әйелдерді динамикалық бақылауды және оңалтуды жүргізеді.</p> <p><b>7 ОН.</b>Денсаулық сақтау, қоршаған орта қауіпсіздігі ұйымдарында қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық тәртібінің және еңбек қауіпсіздігі нормаларын ескереді.</p> <p><b>8 ОН.</b>Шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда білікті және шұғыл медициналық көмек</p>



«Медицина» ББ АК	Сәйкес нөмері
Білім беру бағдарламасы	31 беттің 8 беті

		<p>көрсетеді.</p> <p><b>9 ОН.</b> Денсаулық сақтауды цифрландыру шеңберінде медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттауды және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруды қамтамасыз ете отырып, ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді.</p> <p><b>10 ОН.</b> Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту негізінде медициналық практикада ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады.</p> <p><b>11 ОН.</b> Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін және ғылыми деректерге негізделген өзінің кәсіби қызметін талдайды.</p> <p><b>12 ОН.</b> Биоэтиканы және барлық этикалық нормаларды сақтауды ескере отырып, үлкен деректерді өңдеу мен талдауды, медициналық бейнелерді өңдеуді, ауруларды диагностикалауды қоса алғанда, жасанды интеллектті пайдалана отырып, өзінің кәсіби қызметінде заманауи зерттеу әдістерінің нәтижелерін қолданады.</p> <p><b>13 ОН.</b> Жасырын заңдылықтарды анықтау, тәуекелдерді болжау үшін озық технологияларды қолдана отырып, халық денсаулығының көрсеткіштерін және оның физикалық, радиологиялық, химиялық және биологиялық-экологиялық детерминанттарын бағалайды</p> <p><b>14 ОН.</b> Халықтың денсаулығын нығайту, денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу бойынша санитарлық ағарту іс-шараларын жүргізеді.</p>
13	Оқыту формасы	Күндізгі
14	Оқыту тілі	Қазақ, орыс және ағылшын
15	Кредиттер көлемі	300
16	Тағайындалатын дәреже, біліктілік	Медицина магистрі, дәрігер
17	Оқу мерзімі	5 жыл
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	KZ73LAA00011788
19	БББ аккредиттеуінің болуы	Иә



Қосымша 1.2

**Құзыреттіліктерге/ оқыту нәтижелеріне жеткізу матрицасы**

№	Пән атауы	Пәннің қысқа мазмұны	Цикл (ЖБП, БП, БнП)	Компоне нт (МК, ЖК, ТК)	Кредит саны	Қалыпта- сатын ОН (коды)
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі</b>					<b>7</b>	
1	<b>Қазақстан тарихы</b>	Қазақстан тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау, сондай-ақ, Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен әдістерін қолдану дағдылары негізінде болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру.	ЖБП	МК	5	ОН 1 ОН 10
2	<b>Дене тәрбиесі</b>	Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланған, өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру дағдылары арқылы бәсекеге және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.	ЖБП	МК	2	ОН1 ОН14
<b>Базалық пәндер циклі</b>					<b>84</b>	
3	<b>Мамандыққа кіріспе</b>	Интеграцияланған пән: медициналық білімді, моральдық және моральдық аспектілерді, дәрігердің кәсіби қызметін, денсаулық сақтауды ұйымдастыруды және емдеу-қорғау режимін қалыптастыру. Пайдалану дағдыларын қалыптастыру қауіпсіз күтім, пациенттермен, әріптестермен, отбасы мүшелерімен тиімді қарым-қатынас. Медициналық құқықты, пациенттердің құқықтарын білу, заңды жауапкершілік, Қазақстан заңнамасын	БП	ЖК	3	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 10

		сақтау, өзін-өзі бақылауды дамыту, кәсіби дағдылар мен құзыреттілікті үздіксіз жетілдіру.				
4	<b>Қалыпты тірек-қимыл аппараты және тері</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> пәнаралық және клиникалық өзара әрекеттесу үшін қажетті латын терминологиясын меңгере отырып, тірек-қимыл аппараты мен терінің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру. Бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби тәжірибе үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	4	ОН1 ОН2 ОН4
5	<b>Клиникаға кіріспе</b>	Науқастарға күтім жасауды, медициналық процедураларды орындауды, құжаттаманы жүргізуді, коммуникативтік дағдыларды дамытуды және этикалық нормаларды түсінуді, инклюзия қағидаттарын сақтауды, сапалы күтімді қамтамасыз етуді және ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын сақтауды қоса алғанда, медициналық мекемелерде жұмыс істеу үшін кәсіби дағдыларды қалыптастыру.	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 6
6	<b>«Палаталық және процедуралық медбикенің көмекшісі ретінде» оқу практикасы</b>	Пациенттерге дәрігерге дейінгі көмек. Медициналық ұйымдарда жұмысты ұйымдастыру. Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрілік заттарды қолдану тәсілдері. Процедуралық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру. Инъекция әдісі. Зертханалық зерттеулер үшін қан, зәр алу техникасы. Пациенттерді рентген, аспаптық, ультрадыбыстық және басқа зерттеу әдістеріне дайындау	БП	ЖК	1	ОН2 ОН4 ОН5 ОН14
7	<b>Қалыпты жүйке жүйесі, сезу, көру, есту</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүйке жүйесінің, сезу, көру, есту және тепе-теңдік мүшелерінің анатомиялық, физиологиялық және	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2

	<b>және тепе-теңдік мүшелері</b>	гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, осы білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану. Ми мен жұлынның құрылымы мен қабығы. Жұлын нервтерінің плексусының қалыптасуы. Бас ми нервтерінің топографиясы. Мидың қарыншалары, ликвор айналымы. Ми мен жұлынның өткізгіш жолдары. Вегетативті жүйке жүйесі. Сезім, көру, есту және тепе-теңдік органдарының құрылымы.				ОН 4
8	<b>Қалыпты жүрек-қантамыр жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүрек-қантамыр жүйесінің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, осы білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 4
9	<b>Қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ас қорыту органдары мен эндокриндік жүйенің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану. Ас қорыту және эндокриндік жүйелер мүшелерінің анатомиясы.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 4
10	<b>Патологиядағы асқорыту және эндокриндік жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ас қорыту және эндокриндік жүйенің семиотикасы, синдромология, тексерудің физикалық әдістері, этиология, патогенез, морфогенезі бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және пациентке бағытталған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру	БП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
11	<b>Қалыпты несеп-жыныс жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> несеп-жыныс жүйенің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН 2

		білімдерді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.				ОН 4
12	<b>Қалыпты қан мен лимфа</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> қан мен лимфаның анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН 2 ОН 4
13	<b>Жалпы патология</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ең көп таралған ауруларды диагностикалау үшін типтік жалпы патологиялық процестердің даму заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыру; Клиникалық-зертханалық деректерді патофизиологиялық талдау дағдылары, макро-және микропрепараттарды сипаттау, әртүрлі аурулардың алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық негіздерін түсіну. Алынған білім медициналық практикада микро және макро деңгейдегі патологиялық өзгерістерді дұрыс талдауға және түсіндіруге, сондай - ақ оларды алдын-ала диагноз қоюға, зерттеудің тиісті әдістерін таңдауға, патологиялық мәліметтер негізінде емдеу жоспарын жасауға қолдануға мүмкіндік береді.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 11
14	<b>Биохимия</b>	Ферменттердің функционалды ұйымдастырылуы, метаболизмдегі мембраналардың рөлі, заттардың тасымалдану механизмдері, дәрумендер және олардың биологиялық рөлі, энергия алудың анаэробты жолдары, катаболизм, көмірсулар, липидтер мен ақуыздар алмасуы, сондай-ақ ақуыз алмасуының көрсеткіші ретінде азотты тепе-теңдік ұғымы туралы білімді қалыптастыру.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 11

		Ауруларды диагностикалау мен емдеуге арналған талдау принциптері.				
15	<b>Фармакология және рецептура негіздері</b>	Дәрілік заттардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасы, олардың жіктелуі, әсері, көрсетілімдері, қарсы көрсетілімдері, жанама әсерлері, дозалануы және рецепттерді латын тілінде ресімдеу ережелерін дәлелді медицина негізінде жедел көмек көрсету және ұтымды терапияны таңдау кезінде қолдану туралы іргелі білімдерді қалыптастыру.	БП	ЖК	3	ОН1 ОН6 ОН8
16	<b>Микробиология және иммунология</b>	Микроорганизмдердің морфофизиологиясы мен генетикасы, этиопатогенезі, иммунитеті, зертханалық диагностикасы, профилактикасы туралы білімді қалыптастырады, кейіннен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, иммундық жүйенің жұмыс істеу механизмдері мен диагностикасының иммунологиялық әдістерінің дағдыларын түсінуге ықпал етеді. Ауруларды диагностикалау және емдеу үшін нәтижелерді бағалау негізінде ғылыми білімді қолданады.	БП	ЖК	4	ОН1 ОН3 ОН7
17	<b>Патологиядағы несеп-жыныс жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> несеп-жыныс жүйесінің семиотикасы, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері, этиология, патогенезі бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина және пациентке бағытталған тәсіл қағидаттарын ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
18	<b>Өндірістік практика «Дәрігер-ординатордың көмекшісі ретінде-1»</b>	Этика мен инклюзияны ескере отырып, емдеу-диагностикалық манипуляциялардың, барлық жастағы науқастарға күтімнің практикалық дағдыларын игеру, алдын ала клиникалық диагнозды тұжырымдау. Сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін	БП	ЖК	3	ОН4 ОН5 ОН6 ОН9

		денсаулық сақтауды цифрландыру жағдайында тиімді коммуникацияны, өзін-өзі бақылауды, кәсіби жауапкершілікті және құжаттаманы жүргізуді дамыту.				ОН10
19	<b>Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицина негіздері</b>	ҚР халқының денсаулығын сақтау саясаты, денсаулық сақтау құрылымдарының қызметі, медициналық көмек түрлері, нормативтік-құқықтық аспектілері, этика және деонтология бойынша білімдерді қалыптастыру. Дәлелді медицина қағидаттары, науқасқа орталықтанған тәсіл, алдын алу негіздері, санитарлық-гигиеналық нормалар және халықтың денсаулығын нығайту үшін санитарлық-ағарту жұмыстары игеру.	БП	ЖК	7	ОН3 ОН4 ОН7 ОН14
20	<b>Балалар ауруларының пропедевтикасы</b>	Балаларды тексеру әдістері, балалардың физиологиялық ерекшеліктері, аурудың белгілері мен синдромдары, диагноз қою принциптері туралы білімдерді қалыптастыру. Этикалық принциптер мен инклюзияны сақтай отырып, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өзін-өзі бақылау мен жетілдіруді ескере отырып, амбулаториялық жағдайда медициналық құжаттаманы жүргізу.	БП	ЖК	5	ОН4 ОН6 ОН9 ОН10
21	<b>Гигиена және эпидемиология</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> Оқу процесінде қоршаған ортаның әртүрлі факторларын гигиеналық нормалаудың принциптері мен ерекшеліктері туралы дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады. Биорискаларды бағалау үшін педиатриялық қызметте профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын жүргізеді. Санитарлық-гигиеналық режим мен еңбек қауіпсіздігі нормаларын сақтайды.	БП	ЖК	6	ОН 1 ОН 2 ОН 7 ОН 14
22	<b>Шет тілі (кәсіби)</b>	Кәсіби өзара іс-қимыл үшін қажетті коммуникативтік	БП	ЖК	3	ОН 4

		құзыреттілікті қалыптастыру, ғылыми және клиникалық ортада ауызша және жазбаша коммуникацияны жүргізу үшін Кәсіби шет тілін меңгеру, заманауи ақпараттық көздер мен технологияларды пайдалана отырып, қызметті үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету.				ОН 10 ОН 12
23	<b>Денсаулық сақтаудағы менеджмент</b>	ҚР заңнамасы шеңберінде денсаулық сақтау маманының басқарушылық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Менеджмент қағидаттарын игеру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, басқарушылық шешімдер қабылдау, қызметтің тиімділігін талдау, командалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, цифрлық технологияларды енгізу, тиімді коммуникация, өзін-өзі жетілдіру және денсаулық сақтауда тұрақты кәсіби даму	БП	ЖК	3	ОН 3 ОН 4 ОН 9 ОН 10
24	<b>Клиникалық эпидемиология*</b>	Дәлелді медицинаны пайдалана отырып, клиникалық-эпидемиологиялық зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Қауіп факторларын ерте анықтау және жою. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру: мақсат қою, әдістерді таңдау, деректерді жинау және талдау, нәтижелерді ұсыну. Қоршаған ортаның әсерін бағалау, профилактикалық және санитарлық-ағарту іс-шараларын жүргізу.	БП	ТК		ОН 7 ОН 12 ОН 13 ОН 14
25	<b>Жасанды интеллект және цифрлы медицина *</b>	Медицина мен денсаулық сақтаудағы цифрлық технологиялар, медициналық ақпаратты өңдеудің заманауи бағдарламалық және аппараттық құралдары туралы білімдерді қалыптастыру. Дәрігердің кәсіби қызметіндегі ақпараттық ағындарды, телемедициналық қызметтерді, диагноз қою үшін жасанды интеллектті, препаратты тағайындаудың дұрыстығын тексеруді, ресурстар мен медициналық деректерге қол жеткізуді қолдана біледі.	БП	ТК	4	ОН 9 ОН 12 ОН 13
		<b>Бейіндеуші пәндер циклі</b>			<b>149</b>	
26	<b>Патологиядағы жүрек-қантамыр жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүрек-қантамыр жүйесінің семиотикасы, синдромологиясы, физикалық зерттеу әдістері, этиологиясы,	БнП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2

		патогенезі және морфогенезі бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және науқасқа орталықтанған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын меңгеру.				ОН 6 ОН 11
27	<b>Қалыпты респираторлық жүйе</b> (анатомия, физиология, гистология)	<b>Интеграцияланған пән:</b> тыныс алу ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БнП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 4
28	<b>Патологиядағы респираторлық жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> респираторлық жүйенің семиотикасы, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері, этиология, патогенез, морфогенезі мәселелері бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және науқасқа орталықтанған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БнП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
29	<b>Жобалық қызмет және биостатистика</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> Медицинадағы жобалық менеджменттің әдістері мен құралдары туралы білімді, жобаларды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару дағдыларын қалыптастыру; әдебиеттерді жүйелі шолу және ғылыми деректерді синтездеу; жобалық топтар шеңберінде қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық жасау; денсаулық сақтаудағы жобалардың тәуекелдері мен тиімділігін талдау және болжау, медицинадағы ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан талдау; диагностика мен емдеуді талдау, сондай-ақ үлгілерді анықтау және тәуекелдерді	БнП	ЖК	5	ОН 3 ОН 11 ОН 13

		болжау үшін озық технологиялармен статистикалық деректерді өңдеу үшін медициналық-биологиялық зерттеулерде сипаттамалық Статистика әдістерін және гипотезаны тексеру теориясын қолданудың практикалық дағдылары.				
30	<b>Патологиядағы қан және лимфа</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> қан және лимфа жүйесінің семиотикасы, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері, этиологиясы, патогенезі, морфогенезі мәселелері бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және науқасқа орталықтанған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БнП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
31	<b>Патологиядағы тірек-қимыл аппараты және тері</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> тірек-қимыл аппараты мен терінің семиотикасы, синдромология, физикалық зерттеу әдістері, этиология, патогенез, морфогенезі мәселелері бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және науқасқа орталықтанған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БнП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
32	<b>Жалпы хирургия</b>	Алғашқы хирургиялық көмекті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру: аспетика және антисептика; жарақаттар, күйіктер және оларға көмек көрсету; жаралар мен жара процесі және хирургиялық тігістердің түрлері; қан кету, қан жоғалту және оларға көмек көрсету; хирургиядағы жергілікті және аймақтық ауырсынуды жеңілдету, жалпы анестезия; хирургиядағы этика және деонтология мәселелері; ауруханаға жатқызу мәселелері. Алынған білім медициналық практикада: диагностиканы дұрыс жүргізуге және хирургиялық науқастардың жағдайын бағалау, хирургиялық	БнП	ЖК	3	ОН 2 ОН 4 ОН 6 ОН 8

		көмек көрсету үшін зерттеу нәтижелерін талдауға, балалардың денсаулығын сақтау үшін профилактикалық және оңалту шараларын әзірлеуге және іске асыруға мүмкіндік береді.				
33	<b>Оперативтік хирургиямен топографиялық анатомия</b>	Клиникалық ойлаудың анатомиялық негіздерін және негізгі хирургиялық әдістердің негізгі дағдыларын қалыптастыру: адам денесінің қабатты құрылымының жалпы принципі; нақты аймақтардың топографиялық анатомиясы; ішкі органдардың, талшықты кеңістіктердің, тамыр-жүйке түзілімдерінің, сүйектер мен ірі буындардың клиникалық анатомиясы; балалардағы ағзалардың құрылымының, формасы мен орналасуының жас ерекшеліктері; негізгі хирургиялық әдістерді қолдану арқылы орындау техникасы жалпы хирургиялық және мамандандырылған құралдар; этика және деонтология мәселелері. Кәсіби қызметте педиатр диагнозды негіздеу, патологиялық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру, диагностикалық және анатомиялық-хирургиялық мәселелерді шешу үшін алынған топографиялық анатомиялық білімді қолдана алады.	БнП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 4 ОН 6
34	<b>Патологиядағы жүйке жүйесі, сезу, көру, есту және тепе-теңдік мүшелері</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүйке жүйесі және көру мен сезім мүшелерінің семиотикасы, синдромологиясы, физикалық зерттеу әдістері, патологиялық процестерінің этиологиясы, патогенезі және морфогенезі негіздері бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және науқасқа орталықтанған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БнП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11

35	<b>Ішкі аурулар-1</b>	Тыныс алу, жүрек-тамыр, зәр шығару жүйесі ауруларының негізгі түрлерін диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға бағытталған тиімді шаралар. Ковидтан кейінгі синдром. Диагностика, шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда білікті және шұғыл медициналық көмек көрсету. Ғылыми дәлелдерге негізделген емдеу нәтижелерін зерттеу және бағалау. Медициналық құжаттаманы жүргізу (ауру тарихы).	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 11
36	<b>Ішкі аурулар-2</b>	Асқорыту және эндокриндік, тірек-қимыл жүйесі, қан тұзу жүйесі ауруларының негізгі түрлерін диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға бағытталған тиімді іс-шаралар. Диагностика, шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда білікті және шұғыл медициналық көмек көрсету. Ғылыми дәлелдерге негізделген емдеу нәтижелерін зерттеу және бағалау. Медициналық құжаттаманы жүргізу (ауру тарихы).	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 11
37	<b>Балалар аурулары -1</b>	Педиатрия ғылымының дамуының негізгі бағыттары. Баланың жас даму кезеңдері. Балалардың өсуі мен даму заңдылықтары. Балалардың денсаулығы. Денсаулық топтары. Жүйе бойынша аурулар туралы түсінік. Клиника, диагностика, тыныс алу жүйесі, жүрек-тамыр жүйесі, асқазан-ішек жолы, қан өндіру жүйесі, зәр шығару жүйесі, эндокриндік жүйе ауруларының барысы.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 11
38	<b>Балалар аурулары -2</b>	Балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Этиологиясы, клиникалық симптоматикасы, зерттеудің қосымша әдістерінің көрсеткіштері, барысы, асқынулары, болжамы, тыныс алу органдарының, жүрек-қан тамыр жүйесінің, асқазан-ішек жолдарының, қан өндіру жүйесінің, зәр шығару жүйесінің, эндокриндік жүйенің аурулары. Медициналық құжаттаманы жүргізу (ауру тарихы).	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 11

39	<b>Акушерия</b>	Денсаулықты сақтауды ұйымдастыру, отбасын жоспарлау, дәлелді медицина негізінде контрацепция әдістерін қолдану, ғылыми принциптер, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту дағдыларын қалыптастырады. Жасанды интеллект көмегімен медициналық технологияларды, диагностика әдістерін және емдеу әдістерін дамытуға ықпал етеді. Кәсіби міндеттерді сапалы орындау, медициналық қызмет көрсету, өзін-өзі бақылауды ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз қызметін тұрақты жетілдіреді.	БнП	ЖК	5	ОН 2 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8
40	<b>Гинекология</b>	Біріктірілген пән: балалар, жасөспірімдер және әйелдер денсаулығын қорғауды ұйымдастыру машығын қалыптастыру, жанұяны жоспарлау, ғылыми қағидаларға негізделе отырып контрацепция әдістерін қолдану, үздіксіз біліктілігін жетілдіру және өзін-өзі дамыту. Гинекологиялық ауруларды диагностикалау және емдеудің қағидалары. Функционалды диагностикалық тесттер. Скрининг-әдістер. Әйел жыныс мүшелерінің онкопатологиясы. ҚР заңдары аясындағы медициналық көмек көрсетуде кәсіптік міндеттерін сапалы түрде орындау, өзін өзі бақылауды ұйымдасытру және өзінің жұмысында үздіксіз жетілдірумен айналысу.	БнП	ЖК	5	ОН 2 ОН 3 ОН 5 ОН 6 ОН 8
41	<b>Жұқпалы аурулар</b>	Профилактикалық тексерулер. Ерте және дифференциалды диагностика алгоритмдері, заманауи әдістер мен ғылыми деректер негізінде жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды басқару тактикасы. Алдын алу. Ақпараттық технология. Пациенттің мәселелерін шешу кезінде командалық жұмыста тиімді қарым-қатынас. Электрондық жүйеде құжаттамамен жұмыс істеу. Санитарлық-гигиеналық ережелер мен еңбек қауіпсіздігі	БнП	ЖК	5	ОН 3 ОН 6 ОН 7 ОН 9 ОН 14

		нормаларын сақтау. Қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бақылау, науқасты қолдау. Жұқпалы аурулар саласындағы зерттеу дағдылары.				
42	<b>Балалар жұқпалы аурулары</b>	Жас ерекшеліктерін ескере отырып, инфекция саласындағы білімді қалыптастыру, клиникалық микробиология және иммунологиямен байланысты зерттеу, жұқпалы ауруларды диагностикалау, фармакотерапия және алдын алу әдістерін игеру. ҚР заңнамасы шеңберінде денсаулық сақтау, санитарлық режим, эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау және медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын дамыту.	БнП	ЖК	4	ОН 3 ОН 6 ОН 7 ОН 9 ОН 14
43	<b>Фтизиатрия</b>	Ғылыми принциптерді қолдану негізінде диагностика әдістері, фармакотерапия және туберкулездің алдын алу негіздері бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық режим, Денсаулық сақтау ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігі нормаларын сақтау дағдылары.	БнП	ЖК	4	ОН 3 ОН 7 ОН 11 ОН 12 ОН 14
44	<b>Хирургиялық аурулар негіздері</b>	Хирургиялық патологияны диагностикалау, шұғыл көмек көрсету, науқастарды жүргізу тактикасын таңдау және ауруханаға жатқызу көрсеткіштері бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Емдеу мен оңалтудың заманауи технологияларын қолдану, этика мен деонтологияны сақтау, тиімді коммуникация, дәлелді медицинаны пайдалана отырып клиникалық диагнозды тұжырымдау және ҚР заңнамасы шеңберінде міндеттерді орындау.	БнП	ЖК	5	ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8
45	<b>Травматология</b>	Тірек-қимыл аппаратының жарақаттарын диагностикалау, емдеу және алдын алу, зақымдану кезінде шұғыл көмек көрсету, хирургиялық және консервативті емдеу принциптері, жарақаттан кейін функцияларды қалпына келтіру бойынша білім мен	БнП	ЖК	4	ОН 2 ОН 4 ОН 5 ОН 6

		дағдыларды қалыптастыру. Оңалту әдістері, жарақаттанудың алдын алу, медициналық көмек стандарттарын сақтау, тиімді байланыс, дәлелді медицинаны қолдану және шұғыл көмек көрсету.				ОН 8
46	<b>Балалар хирургиясы</b>	Балалардағы хирургиялық патологияны диагностикалау, науқастарды жүргізу тактикасы, ауруханаға жатқызу көрсеткіштері, диагностика мен хирургиялық араласудың жаңа технологияларын қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Этика, деонтология, тиімді коммуникация, клиникалық диагнозды тұжырымдау, дәлелді медицинаны қолдану, шұғыл көмек көрсету және ҚР заңнамасын сақтау мәселелері.	БнП	ЖК	5	ОН 3 ОН 4 ОН 6 ОН 8 ОН 9
47	<b>Клиникалық практика-3</b>	Науқастың шағымдары мен анамнезін жинау, объективті тексеру, физикалық тексеру, клиникалық деректерді түсіндіру, жетекші синдромды белгілеу, тексеру және емдеу жоспарын тағайындау, динамикалық бақылау күнделігін жүргізу және медициналық тарих. Науқасқа орталықтанған тәсілді қамтамасыз ету, тиімді қарым-қатынас, дәлелді медицинаны қолдану және медициналық құжаттаманы цифрлық форматта жүргізу.	БнП	ЖК	3	ОН 2 ОН 3 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 10
48	<b>Жалпы дәрігерлік тәжірибе негіздері</b>	ЖТД жұмысын ұйымдастыру, дәрігерлік амбулатория менеджмент негіздері. Тіркеу-есеп құжаттарын жүргізу, БМСК негіздерінде медициналық мәселелерін шешуде басқа мамандар және науқастармен ЖТД дәрігердің эффективті қатынасы. Рациональды ажырату диагностикасы алгоритмі, науқастарды динамикалық бақылау. Ауруханаға дейінгі этапта ішкі ағзалардың жедел аурулардың диагностикасы және жедел шұғыл көмек көрсету. Экстремальды жағдайларда коммуникативті компетенттілік.	БнП	ЖК	6	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8 ОН 9
49	<b>Өндірістік практика «Жалпы тәжірибелік»</b>	Диагностикада клиникалық дағдыларды дамыту, бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмекте науқастарды емдеу және	БнП	ЖК	3	ОН 4 ОН 5

	<b>дәрігер көмекшісі ретінде»</b>	бақылау.Бастапқы медициналық көмек дәрігерлерінің басшылығы дәлелдемелерді пайдалана отырып медицина және заманауи технологиялар, соның ішінде құжаттама, медициналық аудит, шұғыл көмек, клиникалық ойлау,байланыс және амбулаторлық-емханалық көмекті ұйымдастыру жұмыс.				ОН 6 ОН 8 ОН 9
50	<b>Жедел медициналық көмек-1</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес ауруханаға дейінгі кезеңде шұғыл көмек көрсету саласында студенттердің білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Негізгі және кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясының заманауи алгоритмдерін қолдану, терминалдық жағдайларды жүргізу және төтенше жағдайларда көмек көрсету құзыреттерін дамыту. Жедел медициналық жәрдем қызметін ұйымдастыру, медицинаның әртүрлі салаларында (кардиология, Пульмонология, эндокринология және т.б.) шұғыл жағдайларды тиімді диагностикалау және емдеу қағидаттарын игеру.	БнП	ЖК	5	ОН 3 ОН 4 ОН 8 ОН 9 ОН 11
51	<b>Жедел медициналық көмек-2</b>	Студенттерде жарақаттар, жіті жұқпалы аурулар, психикалық және неврологиялық бұзылулар, хирургиялық және урологиялық жағдайлар, улану, сондай-ақ педиатриялық және акушерлік-гинекологиялық практикада шұғыл көмек көрсету саласында білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Дәлелді медицина принциптерін қолдана отырып, медицинаның әртүрлі салаларында шұғыл жағдайларды диагностикалау және емдеу алгоритмдерін игеру. Денсаулық сақтауды цифрландыру және электрондық есепке алу жүйелерін пайдалану жағдайында медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	БнП	ЖК	4	ОН 3 ОН 4 ОН 8 ОН 9 ОН 11

52	<b>Неврология</b>	Мидың жүйке-тамыр, жүйке-бұлшықет, демиелинизация, дегенеративті ауруларын диагностикалау дағдыларын қалыптастыру. Неврологиялық тексеру, зақымдану белгілерін анықтау және өзекті диагнозды негіздеу, фармакотерапияның негізі, профилактикасы және оңалту. Басқа мамандар және науқастармен эффективті қатынасы. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттау. Қызметті үздіксіз жетілдіру. Неврология саласында зерттеу дағдыларын меңгеру	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 11
53	<b>Психикалық бұзылулар (психиатрия, наркология)</b>	Психиатриялық және наркологиялық емдеуді ұйымдастыру. Психиатрияда науқастарды тексеру әдістері. Психиатрия және наркологияның құқықтық мәселелері. Сотпсихиатриялық-наркологиялық сараптама. Жалпы психопатология: түйсік пен қабылдаудың, ойлаудың, есте сақтаудың және интеллекттің бұзылуы, эмоционалдық бұзылулар, ерік-жігер мен қозғалыстың бұзылуы, зейін мен сананың патологиясы. Этика және деонтология мәселелері. Кәсіби міндеттерін сапалы орындау, Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде медициналық көмек көрсету.	БнП	ЖК	3	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 6
54	<b>Визуалды диагностика</b>	Жасанды интеллектті қолданумен сәулелік диагностика және визуализациялаудың заманауи әдістері бойынша білімдерді қалыптастыру: рентгенография, УДЗ, КТ, МРТ, радиоизотоптық және интервенциялық диагностика, бейнелерді интерпретациялау қағидаттарын игеру, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ҚР заңнамасын сақтау, клиникалық ойлауды дамыту және этикалық стандарттарды ескере отырып, науқасқа орталықтанған тәсілді қолдану.	БнП	ЖК	4	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 11 ОН 12
55	<b>Клиникалық</b>	Жиі кездесетін аурулар мен төтенше жағдайлардың тіршілік	БнП	ЖК	3	ОН 3

	<b>патоморфология және сот медицинасы</b>	кезінде және өлімнен кейінгі патологиялық диагностикасы. Патологиялық анатомиялық аутопсия, хаттама, эпикриз. Диагнозды тұжырымдау, диагноздарды салыстыру. Биопсияны зерттеуге материал алу ережелері, патогистологиялық қорытынды. Заңнама шеңберінде сот-медициналық сараптаманың іс жүргізу, ұйымдастырушылық негіздері. Зорлық-зомбылық және зорлықсыз өлімнің әртүрлі белгілері бар мәйіттерді қарау. Өлім себебін кодтау, өлім туралы медициналық куәлікті толтыру.				ОН 6 ОН 8 ОН 13
56	<b>Клиникалық фармакология</b>	Ауруларды емдеу және алдын алу үшін тиімді және қауіпсіз дәрілерді таңдаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілі туралы білімдерді қалыптастыру, дәрілік терапияға фармакологиялық талдау мен сараптама жүргізу, клиникалық ұсынымдар мен ғылыми зерттеулер негізінде дәрілік формулярды әзірлеу, шұғыл жағдайларда көмек көрсетуді қамтамасыз ету және емдеудің тиімділігін талдау үшін практикалық қызметте білімді қолдану.	БнП	ЖК	4	ОН 2 ОН 5 ОН 6 ОН 8 ОН 9 ОН 11
57	<b>Көз аурулары және отоларингология</b>	Көз ауруларын диагностикалау және емдеу дағдыларын қалыптастыру, алдын алу әдістері, клиникалық диагнозды тұжырымдау, емдеу нәтижелерінің тиімділігін талдау үшін дәлелді медицина мен озық технологияларды қолдану, науқасқа орталықтанған тәсіл, тиімді қарым-қатынас дағдылары, медициналық құжаттаманы жүргізу және кәсіби қызметті үздіксіз жетілдіру үшін өзін-өзі бақылау.	БнП	ЖК	4	ОН 2 ОН 4 ОН 6 ОН 9 ОН 10 ОН 11
58	<b>Амбулаториялық-емханалық терапия</b>	ЖТД жұмысын ұйымдастыру принциптері: аймақтағы ересектерде жиі кездесетін ауруларды клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалау, дифференциалды диагностикасы, емін жүргізу. Тұрғындарды топтық мақсатпен скринингті зерттеу. Стационар алмастырушы технологиялар. Еңбекке жарамдылық экспертизасы.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8 ОН 9

		Ауруханаға дейінгі шұғыл және жедел көмек. Басқа мамандар және науқастармен эффективті қатынасы. Диспансеризация. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеде жұмыс жасау. Жұмыста ғылыми принциптерді қолдану. Зерттеулер жүргізу. Денсаулық көрсеткіштерін бағалау, санитарлық ағарту, денсаулықты қорғау және алдын-алу.				ОН 13 ОН 14
59	<b>Амбулаториялық-емханалық педиатрия</b>	Профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру (әртүрлі жастағы топтардағы балаларды динамикалық медициналық бақылау, оларды кіші мамандықтағы дәрігерлердің кешенді тексерулерінің жиілігі); үйде және емханада емдеу-консультациялық көмек көрсету; Мектепке дейінгі балалар мекемелері мен мектептерінде диспансерлеу және оңалту, емдеу-профилактикалық көмек көрсету; эпидемияға қарсы іс-шараларды және егу иммунопрофилактикасын жүргізу; балалар мен жасөспірімдерде шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету; медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық түрде жүргізу. Алынған білім педиатрға медициналық қызметте, оның ішінде ауыр жағдайларда толық көлемде медициналық көмек көрсетуге, балалар өмірінің барлық жас кезеңдерінде өмір мен денсаулықты сақтау бойынша профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізуге және өзінің кәсіби міндеттерін ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді.	БнП	ЖК	4	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8 ОН 9 ОН 13 ОН 14
<b>Интернатура</b>					<b>30</b>	
60	<b>ЖДТ ішкі аурулар</b>	Қазіргі заманауи әдістер мен ғылыми деректер негізінде ересек науқастарды диагностикалау, емдеу, алдын алу, диспансерлік бақылау және оңалту. Электрондық жүйеде құжаттамамен жұмыс. Науқастармен тиімді қарым-қатынас, өзін-өзі бақылау, қолдау.	БнП	ЖК	7	ОН 4 ОН 6 ОН 8 ОН 9

		Терапияда зерттеу дағдыларын игеру, диагностика мен емдеуді жақсарту үшін озық технологияларды қолдану.				ОН 11 ОН 12 ОН 14
61	<b>ЖТД-дағы балалар аурулары</b>	Диагностика, емдеу, алдын алу, диспансерлік бақылау, оңалту, заманауи әдістер мен ғылыми деректер негізінде балаларға медициналық-әлеуметтік және шұғыл көмек көрсету. Жүкті әйелдер мен жас балалардың патронажы. Профилактикалық тексерулер. Электрондық жүйеде құжаттамамен жұмыс. Қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бақылау, науқастарды қолдау. Педиатрияда зерттеу дағдыларын меңгеру, диагностика мен емдеуді жақсарту үшін озық технологияларды қолдану.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 6 ОН 8 ОН 9 ОН 11 ОН 12 ОН 14
62	<b>ЖТД-дағы акушерия және гинекология</b>	Гинекологиялық науқастарды диагностикалау, емдеу, алдын алу, диспансерлік бақылау және оңалту, қазіргі заманғы әдістерді қолдана отырып жүкті әйелдерді басқару. Жүкті әйелдердің патронажы. Электрондық жүйеде құжаттамамен жұмыс. Қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бақылау, науқастарды қолдау. Акушерлік және гинекологияда зерттеу дағдыларын меңгеру, диагностика мен емдеуді жақсарту үшін озық технологияларды пайдалану.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 6 ОН 8 ОН 9 ОН 11 ОН 12 ОН 14
63	<b>ЖТД-дағы хирургиялық аурулар және онкология</b>	Қазіргі заманауи әдістерге негізделген хирургиялық және онкологиялық аурулары бар науқастарды диагностикалау алгоритмдері мен басқару тактикасы. Хирургиядағы ақпараттық технологиялар. Науқастың мәселелерін шешуде топтық жұмыста тиімді байланыс. Электрондық жүйеде құжаттамамен жұмыс. Хирургияда зерттеу дағдыларын игеру, диагностика мен емдеуді жақсарту үшін озық технологияларды қолдану.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 6 ОН 8 ОН 9 ОН 11 ОН 12 ОН 14

64	<b>ЖТД-дағы жұқпалы аурулар, оның ішінде балалар</b>	Профилактикалық тексерулер, жұқпалы ауруларды ерте және дифференциалды диагностикалау алгоритмдері, оларды заманауи әдістерге негізделген емдеу тактикасы. Ақпараттық технологияларды қолдану, топтық жұмыста тиімді байланыс, электрондық құжаттамамен жұмыс. Санитарлық-гигиеналық режимді сақтау, Еңбек қауіпсіздігі. Өзін-өзі бақылау, науқастарды қолдау, диагностика мен емдеуді жақсарту.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 6 ОН 7 ОН 8 ОН 9 ОН 11 ОН 14
65	<b>Жалпы гематология*</b>	Қан түзу жүйесінің және гемостаз жүйесінің анатомиялық-физиологиялық негіздері. Қанның коагуляциясының қазіргі заманғы түсінігі. Қан жасушаларын, қан түзу ағзаларын және гемостаз жүйесін зерттеудің заманауи әдістері. Ғылыми принциптерге негізделген қан ауруларының синдромдық диагнозы. Гематология саласында зерттеу дағдыларын меңгеру. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттау. Коммуникативті дағдылар, өзін-өзі бақылау, науқасты қолдау. Қызметті үздіксіз жетілдіру.	БнП	ТК	3	ОН 2 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 10 ОН 12
66	<b>Негізгі эндокринология*</b>	Эндокриндік жүйенің анатомиялық және физиологиялық негіздері. Қазіргі заманғы әдістерді ғылыми негізде қолдану арқылы жиі кездесетін эндокриндік ауруларды диагностикалау мен емдеудің практикалық аспектілері. Науқастарды жүргізу тактикасы. Пациенттердің алдын алу шаралары, оңалтуы және динамикалық бақылауы. Медициналық бақылауы. Диспансеризация. Санитарлық түсіндіру жұмысы. Эндокринология саласында зерттеу дағдыларын меңгеру. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттау. Коммуникативті дағдылар, өзін-өзі бақылау, науқасты қолдау.	БнП	ТК		ОН 2 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 12 ОН 14
67	<b>Медициналық радиология*</b>	Сәулелік диагностика мен сәулелік терапияның физикалық және радиобиологиялық негіздерінің медициналық бейнені алу тәсілдері,	БнП	ТК		ОН 4 ОН 5

		сәулелік диагностика және сәулелік терапия бөлімшесінің жұмысын ұйымдастыру. Сәулелік диагностика әдістері. Негізгі ісік және ісік емес ауруларды кешенді емдеудегі сәулелік терапияның мүмкіндіктері, көрсеткіштері, жоспарлауы, сәулелік терапия курсының ерекшеліктері. Радиологиядағы этика және деонтология, санитарлық-гигиеналық режим, еңбек қауіпсіздігі. Кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өзін-өзі бақылау және жұмыста үздіксіз жетілдіру.				ОН 6 ОН 7 ОН 10 ОН 14
68	<b>Электрокардиограмма-ны және эхокардиограмманы интерпритациялау*</b>	Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бар науқастарды тексеру принциптері. Жүрек-қан тамыр жүйесін тексерудің физикалдық әдістері және оларды интерпритациялау. Миокард ишемиясын анықтауға арналған ЭКГ, ЭхоКГ, велоэргометрия, жүктеме сынамаларын жүргізу және интерпритациялау әдістемесі. Пациенттермен және денсаулық сақтау мамандарымен өзара қарым-қатынас кезіндегі этика және деонтология. Кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өзін-өзі бақылау және жұмыста үздіксіз жетілдіру.	БнП	ТК		ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 11 ОН 12
69	<b>Анестезиологиялық және реанимациялық жұмыстарды ұйымдастыру *</b>	Медициналық ұйымдарда анестезиологиялық және реанимациялық жұмыстарды ұйымдастыру. Құқықтық және этикалық аспектілер. Анестезиологтың алғашқы тексеруі. Анестезия картасы. Анестезия хаттамасы. Реаниматологтың күнделіктері. Аударма эпикриз. Кезеңдік эпикриз. Анестезиологиялық жабдықтар мен мониторлар. Операция алдындағы тексеру, премедикация, жалпы анестезиология. Науқасты бақылаудың әртүрлі деңгейлері. Анестезиологиядағы қауіп топтары. Премедикацияға заманауи көзқарас. Анестезиологиядағы негізгі манипуляциялар. Анестезия түрлері. Анестезиологиядағы фармакология. Критикалық күй	БнП	ТК		ОН 3 ОН 4 ОН 8 ОН 11 ОН 12

		туралы түсінік. Жүрек-өкпе реанимациясы. Танатогенез туралы түсінік. Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы.				
<b>Магистратура</b>					<b>5</b>	
<b>Бейіндеуші пәндер циклі</b>					<b>5</b>	
70	<b>ЖТД-дағы неврология</b>	Мидың нейроваскулярлық, нейромускулярлық, демиелинизациялық, дегенеративті ауруларын диагностикалау дағдыларын қалыптастыру. Неврологиялық тексеру, зақымдану белгілерін анықтау және топикалық диагноз. Фармакотерапия, алдын алу және оңалту негіздері. Науқастармен және мамандармен өзара әрекеттесу. Медициналық қызметтерді құжаттау, қызметті үздіксіз жетілдіру, неврологиядағы зерттеу дағдылары.	БнП	ЖК	5	ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 9 ОН 10 ОН 11
71	<b>Эксперименталдық-зерттеу жұмысы</b>				<b>13</b>	
72	<b>Магистрлік жобаны жазу, қорғау және кешендік емтихан тапсыру</b>				<b>12</b>	
<b>БАРЛЫҒЫ</b>					<b>300</b>	

Ескерту: \* - таңдау компоненті пәндері